АҚ «Қ.Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6В04110 Экономика

код және білім беру бағдарламасының атауы

Дәрежесі: *бакалавриат*

Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Оқу кеңесімен бекітілген
«24» 02 2026 ж. хаттама № 4

Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Ғылыми кеңесімен ұсынылған
«24» 02 2026 ж. хаттама № 7

Астана, 2026

©«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ зияткерлік меншігі болып табылады
Қайта басып шығаруға және / немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Келісу парағы	4
1 Білім беру бағдарламасының паспорты	5
2 Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы	5
3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар	6
4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)	7
5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы	7
6 Білім беру бағдарламасы мен модульдердің оқыту нәтижелері	9
7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің қол жеткізілуінің өзара байланысы	13
8 Модуль шеңберінде оқытудың жоспарланған нәтижелерін бағалау технологияларымен және оқыту әдістерімен үйлестіру	30
9 Кәсіби стандарттардың еңбек функцияларына білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін сәйкестендіру	34
10 Түлек моделі	36
11 Типтік оқу жоспары (БББ-ға қосымша)	37
12 Сараптамалық қорытынды	40

Алғы сөз

«6В04110 – Экономика» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген. Жоғары білім берудің / жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, сондай-ақ Career Enbek жүйесінің мынадай кәсіби стандарттары негізінде әзірленді: «Ұйымның ұйымдастырушылық дамуы және еңбек ресурстарын жоспарлау» (05.12.2024 ж., №449), «Еңбек қатынастарын басқару» (05.12.2024 ж., №449).
Сонымен қатар, білім беру бағдарламасын әзірлеу барысында 2023–2025 жылдарға арналған салалық және өңірлік кәсіптер мен құзыреттер атластары пайдаланылды, оның ішінде «Кәсіпорынды басқару тиімділігі жөніндегі менеджер» және «Тау-кен кәсіпорындарының экономисі» кәсіптері ескерілді.
«Кәсіпорынды басқару тиімділігі жөніндегі менеджер» кәсібі бойынша ақпарат (https://atlasbt.enbek.kz/ru/profession/512), ал өңірлік кәсіптер мен құзыреттер атластары бойынша ақпарат (https://enbek.kz/storage/atlas-regions) ұсынылған.

«6В04110 Экономика» білім беру бағдарламасы 2026 жылғы «22» 01 Академиялық сапа жөніндегі кеңес мәжілісінде мақұлданданған, хаттама № 3

Төрага Аскарбеков Э.Б. _____

«6В04110 Экономика» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «17» 12 «Экономика және бизнес» факультеттің Академиялық сапа жөніндегі комиссиясының мәжілісінде келісілген, хаттама № 4
Төраға Мақыш М.К. _____

«6В04110 Экономика» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «15» 12 «Экономика және басқару» кафедрасының мәжілісінде әзірленген және талқыланған, хаттама № 5
Кафедра меңгерушісі Абдильдинова Н.Е. _____

Келісу парағы

Білім беру бағдарламасы «6В04110-Экономика»
(БББ коды және атауы)

МАҚҰЛДАНДЫ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Э. Аскарбеков	"22" 01 2026ж.
БББ басқармасының басшысы	МО	Б. Баядилова	"22" 01 2026 ж.
Қазақстан Республикасының Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының қауымдастығы өзін-өзі реттейтін ұйымы" қауымдастығы нысанындағы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер бірлестігі Президенті	МО	Ә. Абдрахимова	"15" 12 2025ж.
«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Тұрақты даму және экологиялық реттеу Департаментінің экологиялық менеджмент Басқармасының Басшысы	МО	Б. Абдильдинова	"15" 12 2025ж.
Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК бас директоры	МО	А. Кожумова	"15" 12 2025ж.
«G.H.G» ЖШС директоры	МО	Н. Закиров	"15" 12 2025ж.
Астана қаласы әкімдігінің "Астана жастары" Жастар ресурстық орталығы КММ басшысы.	МО	Ч. Тлеулин	"15" 12 2025ж.
Білім алушы Эк-231 тобы		А. Умиркул	"15" 12 2025ж.

1 Білім беру бағдарламасының паспорты

Халықаралық білім берудің стандартты жіктемесі (ББХСК) бойынша деңгейі	6
Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ)бойынша деңгейі	6
Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) бойынша деңгейі	6
Білім беру саласының коды және атауы	6В04 Бизнес, басқару және құқық
Дайындау бағыты	6В041 Бизнес және басқару
Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі және атауы тобы	В046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі
ББББ коды және атауы	6В04110 Экон омика
ББББ бейіні	Жоғарғы экономикалық білім беру
ББББ мақсаты	Құзыреттілік тәсіл мен көптілділікке, оқытудың инновациялық технологияларын пайдалануға негізделген білім беруді іске асыру. Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіпорындардың жұмыс істеуінің қаржылық-шаруашылық проблемалары туралы түсінікке ие, экономикалық объектілердің қызметін талдай алатын, қазіргі бизнес-процестермен бірге жүретін экономиканың қарқынды инновациялық дамуында қажетті білімге ие бакалаврларды дайындау.
ББББ аяқтау өлшемі	240 академиялық кредит
ББББ оқу тілі	орыс, қазақ
ББББ айрықша ерекшелігі	-
Серіктес ЖОО	-

2 Білім беру бағдарламасын бітірушінің біліктілік сипаттамасы

Берілетін дәреже	«6В04110 Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша бизнес және басқару бакалавры
Кәсіби қызмет саласы	- әртүрлі салалар мен меншік нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың экономикалық, қаржылық, маркетингтік, өндірістік-экономикалық және талдамалық қызметтері; - мемлекеттік және квазимемлекеттік құрылымдар, мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдары; - әлеуметтік-гуманитарлық саладағы консультациялық және сараптамалық қызметтер; - экономикалық процестерді реттеу және дамыту саласындағы инновациялық және жобалық қызмет; - сыртқы экономикалық және логистикалық қызмет.
Кәсіби қызмет түрлері	- ұйымдастырушылық-технологиялық қызмет; - есептік-экономикалық қызмет; - өндірістік-басқару қызметі; - жобалық қызмет; - аналитикалық қызмет; - ғылыми-зерттеу қызметі.
Кәсіби қызмет	меншіктің барлық нысандарындағы және ұйымдық-құқықтық

нысаны	нысандардағы кәсіпорындар; кәсіпорындардың құрылымдық өндірістік және функционалдық бөлімшелері; мемлекеттік және жергілікті басқару органдары; қаржылық, маркетингтік, экономикалық және талдамалық қызметтер; жобалау және консалтингтік ұйымдар; сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру; білім беру мекемелері мен ғылыми-зерттеу институттары; инфрақұрылым, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану объектілері болып табылады.
Кәсіби қызмет міндеттері	- ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы бастапқы деректерді жинау және өңдеу; - мемлекеттік және салалық даму бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; - өндірістік бағдарламаларды, даму стратегиялары мен инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету; -типтік әдістемелер мен қолданыстағы нормативтік-құқықтық база негізінде экономикалық тиімділік есептеулерін жүргізу; - жоспарлау, болжау, ресурстарды, шығындарды, жабдықтауды, логистиканы және сатуды басқару; - кәсіпорынның нарықтық стратегиясын қалыптастыру және дамыту; - еңбекақы төлеу, нормалау және тиімділікті арттыру тетіктерін жетілдіру; - сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру және сүйемелдеу; - жобалық және жобалау алдындағы құжаттаманың талаптарға және халықаралық стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан сараптамаға қатысу; - кәсіпорынның қаржылық-экономикалық қызметі туралы есептілік жасау.

3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар

Цикл және пән атаулары	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
Жалпы білім беру пәндері циклы (ЖБП)	**56**
Міндетті компонент	51
Жоғары оқу орны компоненті	5
Базалық пәндер циклы (БаП)	**85**
Жоғары оқу орны компоненті	46
Таңдау компоненті	39
Кәсіптік практика	
Бейіндеуші пәндер циклы (БеП)	**91**
Жоғары оқу орны компоненті	10
Таңдау компоненті	64
Кәсіптік практика	17
Қорытынды аттестаттау	**8**
Барлығы	**240**

4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)

4.1 Minor «Жасанды интеллектті қолданудың заманауи аспектілері»

Пәндердің атауы	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
Жасанды интеллектке кіріспе	5
Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу	5
Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект	5
Барлығы	15

5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы «6B04110 Экономика»

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ОН$_{жббк1}$	Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік позициясы салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады
	ОН$_{жббк2}$	Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады
	ОН$_{жббк3}$	Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді
	ОН1	Негізделген шешімдер қабылдау, жобаларды әзірлеу және кәсіби қызметті ұйымдастыру үшін экономикалық, құқықтық және қаржылық құралдарды қолдана алады.
	ОН2	Әлеуметтік-еңбек процестері мен еңбек нарығы талаптарын ескере отырып, экономикалық талдау және деректер әдістерін қолдану арқылы ұйым қызметіне ішкі және сыртқы факторлардың әсерін талдай алады.
Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	ОН3	Экономикалық міндеттерді шешу үшін заманауи цифрлық технологияларды және деректерді өңдеу құралдарын, соның ішінде жасанды интеллект элементтерін қолдана алады.
	ОН4	Адам ресурстарына қажеттілікті ескере отырып, ұйым қызметін жоспарлау және басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін экономикалық және статистикалық деректерді талдау әдістерін қолдана алады.
	ОН5	Салалық ерекшеліктерді ескере отырып, экономикалық процестерді талдайды, шығындар, инвестициялар және тиімділік көрсеткіштерін есептей алады.
Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	ОН6	Экономиканың даму үрдістерін анықтау үшін салалар мен қызмет түрлері бойынша экономикалық ақпаратты талдай алады.
	ОН7	Ұйымның басқару құрылымын ескере отырып, ресурстарды тиімді пайдалану негізінде бизнес-

		жоспарлар мен экономикалық бөлімдерді әзірлей алады.
	ОН8	Экономикалық қызметтің тәуекелдері мен қауіптерін, соның ішінде әлеуметтік-еңбек аспектілерін бағалайды және ұйымның тұрақтылығы мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар әзірлей алады.
	ОН9	Ұйым қызметін талдау, мониторингтеу және үйлестіруді жүзеге асырады, заманауи аналитикалық және басқарушылық құралдарды қолдана отырып, тиімділікті арттыру мен ұйымды дамытуға бағыттай алады.
	ОН10	Тұрақты даму факторларының, экологиялық және экономикалық тәуекелдердің экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге әсерін бағалай алады.
	ОН11	Нарық конъюнктурасын ескере отырып, бизнесті және сыртқы экономикалық қызметті дамыту бағыттарын айқындай алады.
	ОН12	Деректерді талдау, стратегиялық ойлау және бизнес-процестердің тиімділігін арттыру негізінде ұйымның даму стратегияларын, болжамдары мен жоспарларын әзірлей алады.

6 Білім беру бағдарламасы және модульдердің оқу нәтижелері

Маңызды құзырет-тіліктер	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері (ОН)	Модуль атауы	Модуль ОН	Оқыту нәтижелерін қалыптастыратын пәндердің атауы
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	$ОН_{ЖБҚ1}$ Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік позициясы салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады	Адам және қоғам – дүниетанымның және қоғамдық-саяси білімнің негізі	Қазақстан тарихының, философияның, әлеуметтік-саяси білімдердің негізгі заңдылықтарын өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендіру және бейімделу үшін қолданады, қазіргі заманда ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады	Қазақстан тарихы Философия Дене шынықтыру Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)
	$ОН_{ЖБҚ2}$ Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады	Ақпараттық-коммуникативтік модуль	Қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасай алады	Шетел тілі Қазақ (Орыс) тілі
	$ОН_{ЖБҚ3}$ Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.		Ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату үшін ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың әртүрлі түрлерін меңгереді	Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар
	ОН1 Негізделген шешімдер қабылдау, жобаларды әзірлеу және кәсіби қызметті ұйымдастыру үшін экономикалық, құқықтық және қаржылық құралдарды қолдана алады.	Экономикалық ғылым негіздері	Заңнама аясында экономикалық, құқықтық және қаржылық құралдарды қолдана отырып, типтік кәсіби міндеттерді шешу үшін жүйелі білім мен практикалық дағдыларды көрсетеді.	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)

	ОН2 Әлеуметтік-еңбек процестері мен еңбек нарығы талаптарын ескере отырып, экономикалық талдау және деректер әдістерін қолдану арқылы ұйым қызметіне ішкі және сыртқы факторлардың әсерін талдай алады.	Экономикалық ғылым негіздері	Экономика ғылымы саласындағы жүйелі теориялық білім мен талдау дағдыларын меңгерген, шешімдерді негіздеу үшін ғылыми тәсілдер мен экономикалық құралдарды қолдануға қабілетті.	Макроэкономика Микроэкономика Экономикалық теория Экономика мен басқарудағы ғылыми зерттеулердің негіздері Экономиканы мемлекеттік реттеу
		Экономика және бизнес		Халықаралық экономика
		Экономикалық талдау және инвестицияларды басқару		Экономикалық саясат
		Ұйымдастырушылық-басқарушылық		Экономиканы мемлекеттік реттеу
Сандық құзыреттілік (Digitalskills)	ОН3 Экономикалық міндеттерді шешу үшін заманауи цифрлық технологияларды және деректерді өңдеу құралдарын, соның ішінде жасанды интеллект элементтерін қолдана алады.	Қаржы, есеп және стратегиялар	Кәсіби қызметте ақпаратты жинау, өңдеу және талдау үшін заманауи цифрлық технологияларды, автоматтандыру жүйелерін және жасанды интеллект құралдарын пайдаланады.	1С-Кәсіпорын Жасанды интеллектке кіріспе Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу
		Экономикалық жоспарлау және цифрлық технологиялар		Сандық экономика Электрондық үкімет
		Экономика және бизнес		Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект
	ОН4 Адам ресурстарына қажеттілікті ескере отырып, ұйым қызметін жоспарлау және басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін экономикалық және статистикалық деректерді талдау әдістерін қолдана алады.	Экономикалық ғылым негіздері	Статистика, қаржы және есеп саласындағы білімді меңгерген, экономикалық шешімдерді талдау мен негіздеу үшін сандық әдістерді дербес қолдануға қабілетті.	Экономикадағы математика Статистика
		Қаржы, есеп және стратегиялар		Бухгалтерлік есеп Қаржы
	ОН5 Салалық ерекшеліктерді ескере отырып, экономикалық процестерді талдайды, шығындар, инвестициялар және тиімділік көрсеткіштерін есептей алады.	Салалық және өңірлік экономика	Шығындар мен кірістерді есептеу, сақтандыру, лизингтік және инвестициялық жобалардың тиімділігін талдау, сондай-ақ қор нарығының құралдарын қолдану дағдыларын көрсетеді.	Бағалы қағаздар және биржалық іс
		Қаржы, есеп және стратегиялар		Лизинг Сақтандыру
		Ұйымдастырушылық-басқарушылық		Инновациялық менеджмент

		Экономикалық талдау және инвестицияларды басқару		Баға беру Инвестициялық қызмет Шығындарды басқару
		Экономикалық жоспарлау және цифрлық технологиялар		Технология және инновация экономикасы
Кәсіби дағды (Hardskills)	ОН6 Экономиканың даму үрдістерін анықтау үшін салалар мен қызмет түрлері бойынша экономикалық ақпаратты талдай алады.	Қаржы, есеп және стратегиялар	Экономика салаларының өсу әлеуетін бағалау үшін салалардың экономикалық көрсеткіштерін, еңбек нарығының жай-күйін, жұмыспен қамту және жұмыссыздық факторларын талдайды.	Логистика
		Салалық және өңірлік экономика		Креативті экономика Агроөнеркәсіп кешенінің экономикасы Өнеркәсіп экономикасы Әлеуметтік сала экономикасы
		Экономикалық жоспарлау және цифрлық технологиялар		Еңбек нарығының экономикасы
	ОН7 Ұйымның басқару құрылымын ескере отырып, ресурстарды тиімді пайдалану негізінде бизнес-жоспарлар мен экономикалық бөлімдерді әзірлей алады.	Экономика және бизнес	Бизнес-жоспарлардың экономикалық бөлімдерін дербес әзірлеу, қаржылық-шаруашылық және өндірістік қызметті жоспарлау қабілетін көрсетеді.	Кәсіпорын экономикасы Шағын және орта бизнесті ұйымдастыру Бизнесті жоспарлау және модельдеу
		Экономикалық жоспарлау және цифрлық технологиялар		Еңбекті жоспарлау, нормалау және оған ақы төлеу
	ОН8 Экономикалық қызметтің тәуекелдері мен қауіптерін, соның ішінде әлеуметтік-еңбек аспектілерін бағалайды және ұйымның тұрақтылығы мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар әзірлей алады.	Ұйымдастырушылық-басқарушылық Қаржы, есеп және стратегиялар Экономика және бизнес	Тәуекелдерді азайту және тиімді шешімдер қабылдау үшін менеджмент, ішкі процестерді оңтайландыру және басқарушылық талдау бойынша теориялық білім мен дағдыларды қалыптастырады.	Менеджмент Басқарушылық экономика Сапаны басқару Бизнесті жоспарлау және модельдеу
		Экономикалық талдау және инвестицияларды басқару		Басқарушылық талдау
	ОН9 Ұйым қызметін талдау,	Экономикалық талдау	Қаржылық-экономикалық есептілікті	Экономикалық талдау

	мониторингтеу және үйлестіруді жүзеге асырады, заманауи аналитикалық және басқарушылық құралдарды қолдана отырып, тиімділікті арттыру мен ұйымды дамытуға бағыттай алады.	және инвестицияларды басқару	талдау әдістерін қолдану, компания құнын бағалау және салық есебінің мониторингін жүргізу дағдыларын көрсетеді.	Компания құнын бағалау
		Қаржы, есеп және стратегиялар		1С-Кәсіпорын Салықтар және салық салу
	ОН10 Тұрақты даму факторларының, экологиялық және экономикалық тәуекелдердің экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге әсерін бағалай алады.	Экономика және бизнес Қаржы, есеп және стратегиялар Ұйымдастырушылық-басқарушылық	Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескере отырып, қалалар мен өңірлердің тұрақты даму факторларын бағалауға, институционалдық жүйелер мен тәуекелдерді түсінуге қабілетті.	Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі Институционалдық экономика Нарықтық инфрақұрылым
		Экономикалық жоспарлау және цифрлық технологиялар		Экономикалық қауіпсіздік
		Салалық және өңірлік экономика		Қала экономикасы Өңірлік даму экономикасы
	ОН11 Нарық конъюнктурасын ескере отырып, бизнесті және сыртқы экономикалық қызметті дамыту бағыттарын айқындай алады.	Салалық және өңірлік экономика Экономика және бизнес	Нарықтың ағымдағы конъюнктурасын ескере отырып, халықаралық бизнесті жүргізудің тиімді әдістерін пайдалану дағдыларын көрсетеді.	Фирмалардың сыртқы экономикалық қызметі Халықаралық бизнес
	ОН12 Деректерді талдау, стратегиялық ойлау және бизнес-процестердің тиімділігін арттыру негізінде ұйымның даму стратегияларын, болжамдары мен жоспарларын әзірлей алады.	Ұйымдастырушылық-басқарушылық	Маркетингтік аспектілерді, дағдарысқа қарсы іс-шараларды және стратегиялық басқаруды ескере отырып, ұйымды оңтайлы дамыту үшін нақты болжамдар мен стратегияларды әзірлей біледі.	Стратегиялық менеджмент AI-маркетинг
		Экономикалық жоспарлау және цифрлық технологиялар		Кәсіпорынның дағдарысқа қарсы саясаты Кәсіпорындардағы экономикалық тәуекелдер
	ОН1 – ОН12	Оқу - өндірістік	Теориялық білімдерін практикада бекітіп, кәсіби дағдыларды меңгереді, сондай-ақ бітіру біліктілік жұмысын жазуға қажетті материалдарды жинақтау мен өңдеуді жүзеге асырады.	Өндірістік практика 1, Өндірістік практика 2, Диплом алдындағы практика/ Өндірістік практика

КД	ОН1 – ОН12	Қорытынды аттестаттау	Дипломдық жұмысты орындайды және сәтті қорғайды немесе кешенді емтихандар тапсырады	Дипломдық жұмысты жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің өзара байланысы

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптастырылатын оқу нәтижелері (кодтар)															
				ОНЖБК1	ОНЖБК2	ОНЖБК3	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
Жалпы білім беретін пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті																			
1	Қазақстан тарихы	Пәннің мақсаты - Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру. Бағдарлама 5 тақырыптық блоктан тұрады: Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы, Түркі өркениеті және Ұлы дала, Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII-XX ғасырдың басы), Кеңестік кезеңдегі Қазақстан, Тәуелсіз Қазақстан. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы қазіргі қазақстандық даму моделін объективті пайымдау үшін тарихи процестерге аналитикалық, аксиологиялық және сыни талдау жасау дағдыларын қолданады.	5	+															
2	Философия	Пәннің мақсаты - білім алушыларда философияны дүниені танудың ерекше формасы ретінде түсінуді қалыптастыру және олардың болашақ кәсіби қызметі контексінде оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен зерттеу әдістері туралы тұтас түсінік беру. Пән философияның пайда болуы мен дамуының негізгі бағыттарын, әлемді философиялық түсінудің негіздерін, адам философиясы мен құндылықтар әлемін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзіндік адамгершілік ұстанымын негіздейді.	5	+															
3	Әлеуметтік-саяси білім модулі	Пәннің мақсаты - қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу контекстінде білім алушылардың әлеуметтік-	8	+															

	(әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психология)	гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру. Пән мазмұны әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психология мәселелерін қамтиды, сонымен қатар заманауи қоғам дамуының іргелі негіздері ретінде инклюзия принциптері мен «Адал азамат» құндылықты бағдарларын біріктіреді. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы әлеуметтік-гуманитарлық білім мен этикалық құндылықтарды түсіндіреді, қоғамды талдаудың ғылыми әдістерін қолданып, қақтығыстарды шеше отырып, Қазақстанды жаңғырту мәселелері бойынша өз ұстанымын дәлелді түрде қорғайды.																		
4	Шетел тілі	Пәннің негізгі мақсаты шеттілдік білім беру үдерісінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерін жеткілікті (А2, жалпыеуропалық құзыреттер) және базалықжеткілікті (В1, жалпыеруопалық құзыреттер) деңгейлерінде қалыптастыру болып табылады. Пәннің мазмұны әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-кәсіби қарым-қатынас орталарын интеграциялау арқылы тілді меңгеру деңгейлерін сатылы түрде зерделеуді қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы негізделген ақпаратты пайдалана отырып, қазіргі заманғы проблемалардың ықтимал шешімдерін шет тілінде айта алады.	10		+															
5	Қазақ (Орыс) тілі	Пәннің мақсаты - қазақ (орыс) тілін оқытудың халықаралық стандартына сай білім беру, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде және орыс тілін мәдениетаралық әрі кәсіби іс-қимыл тілі ретінде, маңыздылығы мен құндылығын арттыру, болашақ маман иесінің қазақ (орыс) тілін қоғамдық өмірдің ғылыми, әлеуметтік-мәдени, саяси салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолдану құзіреттілігін қалыптастыру. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытады.	10		+															
6	Ақпараттық коммуникациялық	Бағдарламаның мақсаты ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды	5			+														

	технология	өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Пән ақпаратпен жұмыс істеу негіздерін, цифрлық технологиялар мен компьютерлік жүйелерді; бағдарламалық қамтамасыз етуді, интернет-сервистерді, АКТ-ны кәсіби және зерттеу қызметінде қолдануды; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және жасанды интеллект технологияларын зерттейді. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы сандық технология көмегімен әртүрлі қызметтік саласына арналған деректерді басқару және талдау құрылғыларын жасайды.																	
7	Дене шынықтыру	Бағдарламаның мақсаты кәсіби қызметке даярлау үшін, болашақ еңбек қызметінде денелік жүктемелерді, жүйке-психикалық қысымдарды және жайсыз факторларды табанды өткеруге денсаулықты сақтау, нығайтуды қамтамасыз ететін студенттердің әлеуметтік-жеке тұлғалық құзыреттіліктерін және дене шынықтырудың құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолданады..	8	+															
8	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)	Пән нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік ойлауды, қаржылық жауапкершілікті, құқықтық сауаттылықты дамытуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және заң мен тәртіп қағидаттарына адалдықты тәрбиелеуге бағытталған. Пәннің мазмұны экономика негіздерін, кәсіпкерлікті, қаржылық сауаттылықты, құқықты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы экономикалық шешімдерді тиімді қабылдау, құқықтық қорғау, қаржылық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтау дағдыларын меңгереді.	5				+												

Базалық пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті																				
9	Мамандыққа кіріспе (Экономика)	Пән экономистің кәсіби қызметі туралы бастапқы түсініктерді және қазіргі жағдайдағы экономиканың қызмет ету ерекшеліктерін қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны экономикалық теория негіздерін, негізгі категориялар мен заңдарды, білім беру бағдарламасының құрылымын, сондай-ақ экономиканың қазіргі даму үрдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы кәсіби даму траекториясын қалыптастырады.	3				+												
10	Макроэкономика	Макроэкономикалық процестер туралы білімді қалыптастыру: ұлттық өндіріс, бағаның жалпы деңгейі, жұмыспен қамту, циклдік, экономикалық өсу және кейнсиандық және классикалық теорияның постулаттарын қолдану мүмкіндігі. Әр түрлі макроэкономикалық модельдер шеңберінде фискалдық және монетарлық саясаттың макроэкономикалық тепе-теңдікке әсеріне экономикалық талдау жүргізу және алынған нәтижелерді түсіндіру.	5					+											
11	Экономикадағы математика	Пән студенттердің экономика мен бизнестегі басқару мәселелерін шешуде математикалық модельдеу әдістерін талдау, қолдану қабілетін дамытатын аналитикалық геометрия элементтерін, математикалық талдауды, ықтималдық теориясы элементтерін және математикалық статистиканы зерттеуге бағытталған.	4							+									
12	Менеджмент	Пән менеджмент саласындағы теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны менеджменттің принциптерін, функцияларын, әдістерін, ұйымның сыртқы және ішкі ортасын талдауды, стратегиялық және операциялық жоспарлауды, мотивацияны, бақылауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы кәсіби қызметте басқарушылық шешімдерді қабылдай алады.	5										+						
13	Микроэкономика	Пән микроэкономикалық процестер мен нарықтың жұмыс істеу заңдылықтары туралы жүйелі білімді қалыптастырады. Пәннің мазмұны тұтынушылар мен өндірушілердің мінез-	5					+											

		құлқы, нарықтық тепе-теңдік, нарықтық құрылымдардың ерекшеліктері, ресурстар нарығы және нарықтың сәтсіздіктері туралы тақырыптарды көрсетеді. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы графикалық және экономикалық-математикалық модельдеу арқылы микроэкономикалық ортаны талдайды.																		
14	Экономика мен басқарудағы ғылыми зерттеулердің негіздері	Пән экономика және басқаруда ғылыми-зерттеу әдістері мен құралдарын қолдану бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны ғылыми таным теориясын, деректерді жинау және талдау әдістерін, зерттеу гипотезаларын қалыптастыру, модельдер құру, экономикалық және басқарушылық процестерді бағалау, сондай-ақ ғылыми есептер мен жарияланымдар дайындауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы тиімді басқарушылық шешімдерді қабылдауды қамтамасыз ететін ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлейді.	3					+												
15	Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі	Пән экономикалық даму, қоғамның әлеуметтік әл-ауқаты, қоршаған ортаны сақтау және адамның өмірі мен денсаулығын қорғау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету принциптері туралы жүйелі түсінікті қалыптастыруға бағытталған. Ол экология, қоршаған ортаны қорғау, тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және тұрақты даму мәселелерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы циркулярлы экономика жағдайында энергияны және қалдықтарды басқару міндеттерін шешу кезінде тұрақты даму, экологиялық қауіпсіздік және тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі принциптерін қолданады.	5															+		
16	Кәсіпорын экономикасы	Пән кәсіпорынның қазіргі экономикадағы шаруашылық қызметтің негізгі субъектісі ретінде жұмыс істеуі туралы іргелі білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны кәсіпорын қызметінің ерекшеліктерін, негізгі және айналым қаражаттарын пайдалануды, еңбек ресурстарын басқаруды, еңбекақы төлеу жүйесін, өндіріс шығындарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы негізгі экономикалық көрсеткіштерді есептеу негізінде кәсіпорынның тиімділігін талдайды.	6									+								

17	Экономикалық теория	Пән қазіргі заманғы экономиканың жұмыс істеу заңдылықтары туралы іргелі білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны экономикалық теория әдістерін, нарықтық баға белгілеу тетіктерін, субъектілердің мінез-құлқын және мемлекеттік реттеуді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы нарықтық процестерді талдау негізінде басқарушылық шешімдерді қабылдай алады.	4				+												
18	AI-маркетинг	Пән маркетингтік қызметте жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдануды қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны маркетингте ЖИ негіздері, деректерді талдау, машиналық оқыту, персонализация, цифрлық платформалар, маркетингті автоматтандыру, клиенттік аналитика, тұтынушылар мінез-құлқын болжау, ЖИ-маркетинг құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы маркетингтік процестерді талдайды және маркетингтік процестерді оңтайландыру үшін жасанды интеллект технологияларын қолданады.	6						+								+		
19	Бухгалтерлік есеп	Пән бухгалтерлік есептің теориялық негіздері және оның басқару жүйесіндегі рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны есептің тұжырымдамаларын, қағидаларын және әдістерін, бухгалтерлік баланстың құрылымын, операцияларды құжаттау мен тіркеуді, сондай-ақ қаржылық есептілікті жасауды қамтиды. Нәтижесінде білім алушы бухгалтерлік есеп әдістерін қолданады.	5													+			
20	Жасанды интеллектке кіріспе (Minor)	Пән жасанды интеллект принциптері мен әдістері туралы базалық түсініктерді қалыптастыруға, кәсіби міндеттерді шешуде интеллектуалды технологияларды қолдануға бағытталған. Пәннің мазмұны жасанды интеллекттің даму кезеңдерін, машиналық оқыту негіздерін, нейрондық желілер элементтерін, деректерді өңдеу әдістерін, интеллектуалды жүйелерді және жасанды интеллект технологияларының қолдану салаларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы кәсіби қызметтің түрлі салаларында жасанды интеллект технологияларын қолданады.	5						+							+			

21	Экономиканы мемлекеттік реттеу	Пән мемлекеттік экономиканы реттеу саласында тиімді басқару үшін қажетті білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны мемлекеттік шаруашылықты реттеудің формалары, әдістері мен құралдарын, бюджеттік-салық саясаты механизмдерін, мемлекеттік бағдарламаларды және экономикалық дамуды ынталандыру шараларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы мемлекеттік реттеу құралдарын қолдану арқылы экономикалық саясатты талдайды.	5																+
22	Институционалдық экономика	Пән экономиканың қызмет етуінің институционалдық негіздері және олардың экономикалық дамуға әсері туралы білім қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны институттар теориясын, формалды және формалды емес институттарды, трансакциялық шығындарды, меншік құқықтарын, институционалдық өзгерістерді, институционалдық ортадағы мемлекеттің рөлін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы экономикалық процестердің тиімділігін арттыру үшін институционалдық факторларды талдайды.	5				+	+											
23	Лизинг	Пән лизингтің мәні мен механизмдері, оның қаржы жүйесіндегі және кәсіпкерліктегі рөлі туралы тұтас түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны лизингтік операциялардың теориялық және практикалық аспектілерін, төлемдерді есептеу, тиімділікті бағалау және тәуекелдерді басқару әдістерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы лизингтік мәмілелерді талдап, қаржыландыру стратегияларын әзірлейді.	5								+				+				
24	Логистика	Пән жеткізу тізбектеріндегі материалдық, ақпараттық және қаржылық ағындарды басқару туралы жүйелі білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны сатып алу, өндірістік, бөлу және көлік логистикасының әдіснамасын, қорларды басқару принциптерін, қойма жүйелерін жобалауды, сондай-ақ жеткізу тізбегіне қатысушыларды интеграциялаудың заманауи тұжырымдамаларын (SCM) қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы жиынтық шығындарды азайту және сервистің жоғары деңгейін	5										+						

		қамтамасыз ету үшін логистикалық процестердің оңтайлы параметрлерін есептейді																	
25	Халықаралық экономика	Пән әлемдік экономиканың құрылымы мен қызмет етуі туралы тұтас түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны халықаралық экономикалық қатынастардың негізгі нысандарын, жаһандық үрдістер мен тәуекелдерді, сыртқы экономикалық байланыстарды талдау және халықаралық деректерді интерпретациялау әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы халықаралық процестерді талдап, негізделген басқарушылық шешімдер қабылдайды.	4																+	
26	Халықаралық бизнес	Пән халықаралық бизнестің мәні мен нысандары, оның заңдылықтары және әлемдік экономикадағы рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны фирмалардың артықшылықтарын, ел экономикасына әсерін, сондай-ақ тәуекелдерді талдау және төмендету әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы халықаралық бизнес үдерістерін бағалап, негізделген басқарушылық шешімдер қабылдайды.	4																+	
27	Салық және салық салу	Пән салық жүйелерін қалыптастыру және жұмыс істеу принциптерін, салықтарды есептеу және төлеу әдістерін, салық салудың құқықтық негіздерін зерттеуге бағытталған. Пәннің мазмұны салықтық жоспарлау және әкімшілендіру құралдарын, қазақстандық және халықаралық заңнама жағдайларында салық процестерін цифрландыруды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы салық міндеттемелерін бағалауды жүргізеді және салық салудың үлгілік жағдайларына бағдарлана отырып, салық процестерін автоматтандыру үшін IT-шешімдерді пайдаланады.	5					+												
28	Экономикалық-математикалық модельдеу негіздері	Пән экономикалық-математикалық модельдеудің принциптері және оның шешім қабылдаудағы рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны модельдерді құру мен талдаудың теориялық негіздерін, болжау, оңтайландыру және деректерді өңдеу әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы қолданбалы экономикалық есептерді шешуде модельдерді	5						+											

		қолданады және басқарушылық шешімдерді негіздейді.																	
29	Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу (Minor)	Пән ақпаратты интеллектуалды өңдеу үшін жасанды нейрондық желілерді әзірлеу мен қолданудың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны жасанды нейрондық желілерді құру және олардың жұмыс істеу принциптерін, нейрондық желілердің негізгі архитектураларын, оқыту әдістерін, деректерді дайындау мен өңдеуді, нейрожелілік модельдерді әзірлеу құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы деректерді өңдеу міндеттері мен интеллектуалды жүйелерді шешу үшін нейрондық желілерді әзірлейді.	5						+						+				
30	Нарықтық инфрақұрылым	Пән нарықтық инфрақұрылым және оның нарықтың қызмет етуіндегі рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны тауарлар мен қызметтердің қозғалысын қамтамасыз ететін ұйымдар жүйесін, олардың компания қызметіне әсерін, сондай-ақ инфрақұрылымдық институттармен өзара әрекет ету әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы нарықтық инфрақұрылымды талдап, оның құралдарын тәжірибеде қолданады.	5					+									+		
31	Статистика	Пән статистиканың мәні, принциптері мен әдістері туралы жүйелі түсінікті қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны деректерді жинау, жүйелеу, өңдеу, талдау және интерпретациялау тәсілдерін, статистикалық көрсеткіштерді есептеу әдістерін, кестелер мен диаграммаларды құруды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы негізгі көрсеткіштерді есептеу және статистикалық ақпаратты графикалық түрде ұсыну арқылы статистикалық деректерге талдау жасайды.	5							+									
32	Сақтандыру	Пән сақтандыру компанияларында жұмыс істеу үшін немесе сақтандырушылармен сақтанушы ретінде өзара әрекеттесу үшін қажетті сақтандыру саласындағы кәсіби теориялық және практикалық білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны мүліктік сақтандырудың негізгі түрлерінің	5											+					

		мәні мен маңыздылығын, жеке сақтандырудың, медициналық сақтандырудың негізгі түрлерін, жауапкершілікті сақтандырудың негізгі түрлерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы сақтандыру операцияларының тиімділігін және сақтандыру компаниясының тұрақтылығын арттыру үшін инновациялық шешімдер әзірлейді.																	
33	Басқарушылық талдау	Пән ұйымдағы шаруашылық процестердің мәні мен басқарушылық талдауын жүйелі түсіну қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны басқарушылық талдау әдістері мен көрсеткіштерін, қызмет тиімділігін бағалауды, нәтижелілікті арттыру резервтерін анықтауды және шешім қабылдауды ақпараттық қамтамасыз етуді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдардың қызметін талдап, басқарушылық шешімдерді негіздейді.	5					+							+			
34	Қаржы	Пән қаржының мәні, функциялары және экономикадағы қаржылық қатынастар жүйесі туралы тұтас түсінікті қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны қаржы жүйесінің негізгі буындарын, мемлекеттік қаржыны, ұйымдар қаржысын, салық салуды, бюджет жүйесін, қаржы нарығын, экономиканың әртүрлі деңгейлеріндегі қаржы ресурстарын қалыптастыру, бөлу және пайдалану тетігін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы қаржылық көрсеткіштерді талдау арқылы қаржылық ақпаратты интерпретациялайды.	5					+							+			
35	Баға беру	Пән баға белгілеу теориясы мен әдістері туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны баға түрлерін, оларды есептеу әдістерін, баға саясатын қалыптастыру қағидаларын және заманауи тәсілдерді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесін де білім алушы бағаларды есептеу құралдарын қолданады, баға шешімдерін талдайды және тиімді баға стратегиясын негіздейді.	5									+							
Бейіндеуші пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті																			
36	Экономикалық	Пән мемлекеттің экономикалық саясатының мәні,	5																+

	саясат	мақсаттары және құралдары туралы білім қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны экономикалық саясаттың теориялық негіздерін, макроэкономикалық реттеуді, бюджет-салық, ақша-кредит саясатын, экономикаға мемлекеттік ықпал ету тетіктерін, қабылданатын шешімдердің тиімділігін бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы экономикалық саясатты талдайды және бағалайды, мемлекеттік реттеу құралдарын қолданады, қазіргі экономика жағдайында басқарушылық шешімдерді негіздейді.																	
37	Инновациялық менеджмент	Пән студенттерге инновациялық процестерді талдау және оларды корпоративтік ортада тиімді басқару қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны инновациялық менеджменттің негізгі аспектілерін, заманауи технологияларды, оның ішінде жасанды интеллектті, трендтерді талдауды, бизнес-процестерді оңтайландыруды, тәуекелдерді бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы инновациялық стратегияларды бағалау әдістерін қолданып, инновацияларды тиімді енгізеді.	5										+					
38	Экономикалық талдау	Пән ұйым қызметінің экономикалық процестері мен нәтижелерін кешенді зерттеу әдістері туралы білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны сандық және сапалық талдау тәсілдерін, қор қайтарымдылығын, еңбек өнімділігін, өнімнің өзіндік құны мен рентабельділігін зерттеу әдістемесін, сондай-ақ белгісіздік жағдайында негізгі қаржылық көрсеткіштерді болжауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы түзету шараларын қабылдау үшін өндірістік факторлар мен бизнестің түпкілікті нәтижелері арасындағы өзара байланысты түсіндіреді (интерпретациялайды).	5						+						+			
39	1Скәсіпорын	Пән 1С: Кәсіпорын жүйесімен жұмыс істеу және оның есепті автоматтандырудағы рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны бухгалтерлік, қаржылық және қоймалық есеп негіздерін, деректерді өңдеу, есептілік қалыптастыру және бизнес-процестерді	5							+									

		оқтайландыру құралдарын қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы 1С жүйесін тиімді есеп және басқару үшін қолданады.																		
40	Кәсіпорынның дағдарысқа қарсы саясаты	Пән қаржылық төлем қабілетсіздігінің алдын алу және ұйымның өміршеңдігін қалпына келтіру стратегияларын зерттеуге бағытталған. Пәннің мазмұны банкроттық ықтималдығын диагностикалау әдістерін (Альтман, Таффлер модельдері), қаржылық сауықтыру тетіктерін, қарызды қайта құрылымдауды, қысқарту жағдайында персоналды басқаруды және тарату процедураларының құқықтық аспектілерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы компания қызметін тұрақтандыру жөнінде уақтылы шаралар қабылдау үшін дағдарыс құбылыстарының индикаторларын жүйелейді.	5											+						
41	Бизнесті жоспарлау және модельдеу	Пән бизнес-процестерді жоспарлау және модельдеу, олардың ұйымды басқарудағы рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны бизнес-процестерді талдау әдістерін, модельдеу құралдарын, басқару негіздерін, экономикалық есептеулер жүргізуді және тәуекелдерді бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы бизнес-процестерді тәуекелдерді ескере отырып оқтайландырады.	5											+						
42	Фирмалардың сыртқы экономикалық қызметі	Пән фирмалардың сыртқы экономикалық қызметінің қағидалары мен тәжірибесі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны сыртқы сауда операцияларын ұйымдастыруды, келісімшарттарды дайындау мен рәсімдеуді, экспорт-импорт бағаларын анықтау әдістерін және тиімділікті бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы сыртқы сауда операцияларын жүзеге асыру әдістерін қолданады.	5															+		
43	Инвестициялық қызмет	Пән инвестициялық қызмет және оны нарықтық экономика жағдайында басқару әдістері туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны инвестициялық саясат қағидаларын, жобаларды талдау және бағалау әдістерін, сондай-ақ тәуекелдерді болжау үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті қолдануды	5									+								

		қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы заманауи инвестициялық талдау әдістерін қолданады.																
44	Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект (Minor)	Пән техникалық және ақпараттық объектілерді талдау, модельдеу және басқару үшін жасанды интеллект әдістерін қолдану білімі мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны басқару жүйелеріндегі жасанды интеллект әдістері мен алгоритмдерін, шешім қабылдаудың интеллектуалды әдістерін, деректерді өңдеу мен талдауды, машиналық оқыту мен интеллектуалды жүйелерді қолдануды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы объектілерді басқару жүйелерінде жасанды интеллект технологияларын қолданады.												+			+
45	Креативті экономика	Пән креативті экономика және оның заманауи салаларды дамытудағы рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны экономика мен мәдениет саласының өзара байланысын, креативті индустрияларды, мәдени дипломатия құралдарын және арт-кластерлерді дамытуды қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы креативті индустрия көрсеткіштерін талдап, тиімді шешімдер қабылдауда қолданады.	5														+	+
46	Шағын және орта бизнесті ұйымдастыру	Пән шағын және орта бизнесті ұйымдастыру және кәсіпкерлік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны кәсіпорынды құру кезеңдерін, бизнес-жоспарлауды, қаржыландыруды тартуды, тәуекелдерді және операциялық қызметті басқаруды, сондай-ақ нарықты талдауды қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы бизнес перспективаларын бағалап, тиімді басқарушылық шешімдер қабылдайды.	5										+					
47	Компания құнын бағалау	Пән компанияның құнын бағалау мен басқарудың принциптері мен әдістері туралы білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны қаржылық талдаудың, құндылықты модельдеудің және ақша ағындарын болжаудың негізгі тәсілдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы компаниялардың құнын кіріс, салыстырмалы және шығынды тәсілдер мен бизнес тиімділігінің көрсеткіштерін қолдана отырып бағалайды.	5							+	+							

48	Еңбекті жоспарлау, нормалау және оған ақы төлеу	Пән кәсіпорындарда еңбекті ұйымдастыру, нормалау және еңбекақы төлеу туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны еңбек ресурстарының тиімділігін бағалау әдістерін, өнімділікті арттыру резервтерін анықтауды, ынталандыру жүйелерін және еңбекті басқарудың заманауи тәсілдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы еңбек процестерін талдап, оларды жетілдіру бойынша шешімдер әзірлейді.	5							+								
49	Стратегиялық менеджмент	Пән студенттерге теориялық білімдерді және стратегиялық ойлау дағдыларын қолдануды үйретуге бағытталған. Пәннің мазмұны стратегиялық менеджменттің негізгі концепцияларын, ұйымның ішкі және сыртқы ортасын талдауды, стратегиялық талдау әдістерін, ұйымның стратегияларын қалыптастыруды, стратегиялық деңгейде басқарушылық шешімдер қабылдау құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы тиімді басқару үшін стратегияларды әзірлейді.	5															+
50	Шығындарды басқару	Пән ұйым шығындарының мәні және оларды басқару туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны шығындарды жіктеуді, есепке алу қағидаларын, талдау және оңтайландыру әдістерін, сондай-ақ бюджеттеу және қаржылық ағындарды болжау негіздерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы шығындарды оңтайландырып, басқарушылық шешімдерді негіздейді.	5								+							
51	Сапаны басқару	Пән ұйым процестерін басқару арқылы өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің әдіснамалары туралы жүйелі білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны сапа менеджменті тұжырымдамаларының эволюциясын (TQM, Six Sigma, Lean), ISO 9000 сериялы халықаралық стандарттарды, бақылау және талдау құралдарын (Исикава диаграммасы, Шухарт карталары, Парето диаграммасы), сондай-ақ сапа менеджменті жүйелерінің аудитін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы бизнес-процестерді үздіксіз жетілдіру механизмдерін енгізу үшін стандарттардың талаптарын түсіндіреді.	5										+		+			

52	Жобаларды басқару	Пән ресурстық шектеулер жағдайында бірегей міндеттерді тиімді жоспарлау және іске асыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны жобаның өмірлік циклін, басқару стандарттарын (PMBOK), икемді әдістемелерді (Agile, Scrum) және күнтізбелік жоспарлауды (Гант диаграммасы) қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы берілген мерзімдер мен ресурстар шеңберінде қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін жобалық бастамаларды іске асыру кезеңдерін құрылымдайды.										+	+					
53	Басқарушылық экономика	Пән фирманы басқаруда экономикалық әдістерді қолдану туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны басқарушылық экономика ұғымдарын, сұраныс, шығындар мен пайда талдау әдістерін, баламалы шешімдерді бағалауды және тиімділікті арттыру құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы басқарушылық шешімдерді негіздеуде экономикалық әдістерді қолданады.	5					+					+					
54	Бағалы қағаздар және биржалық іс	Пән бағалы қағаздар нарығы және оның қызмет ету ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны қаржы құралдарының жіктелуін, биржалық операцияларды ұйымдастыруды, әртүрлі елдердегі қор нарықтарының ерекшеліктерін және олардың даму үрдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы бағалы қағаздар нарығының құрылымы мен негізгі сегменттерін талдайды.	5								+			+				
55	Сандық экономика	Пән қоғамның цифрлануы туралы білім қалыптастыруға және цифрлық процестерді басқару үшін қажетті құзыреттерді дамытуға бағытталған. Пәннің мазмұны цифрлық қоғамның теориялық концепцияларын, цифрлық трансформацияның негізгі аспектілерін, мемлекеттік реттеуді, ақпараттық қоғамның жаһандану салдарын, цифрлық жобаларды басқару әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы цифрлық технологияларды тиімді қолдана отырып, басқаруда жүйелік тәсілді қолданады.	5						+									
56	Агроөнеркәсіп	Пән агроөнеркәсіптік кешен экономикасы және оның	5									+						

	кешенінің экономикасы	кәсіпорындарының нарық жағдайындағы қызмет ету ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызмет негіздерін, АӨК дамуын және экономикалық көрсеткіштерді есептеу әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы экономикалық көрсеткіштерді талдап, кәсіпорын тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлейді.																			
57	Қала экономикасы	Пән қала экономикасы және оның бизнес пен қоғам дамуындағы рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны қалалардың функциялары мен кеңістіктік құрылымын, үшіншілік және төртіншілік секторлардың дамуын, Smart-city негіздерін және қалалық агломерациялар ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы қалалық процестерді талдап, олардың даму бағыттарын бағалайды.	5										+								
